



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

## Ақпарат

### 2023 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ СЕНАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНАН ЖАБЫЛАТЫН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағына, 33-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын шығыстарының мынадай мөлшерлері белгіленсін:

- 1) бағдарламаны теледидар, радио арқылы баяндау және баспа басылымдарында екі мақала жариялау – 400 000 (төрт жүз мың) теңге;
  - 2) кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге, кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға – 70 000 (жетпіс мың) теңге;
  - 3) көліктік шығыстар - 80 000 (сексен мың) теңге.
2. Осы қаулы облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық сайлау комиссияларына жіберілсін.
3. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық сайлау комиссиялары осы қаулыны тіркелген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың назарына жеткізсін.
4. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында жариялансын.

Төраға м.а.

Хатшы

Астана қаласы, 2022 жылғы 15 желтоқсан № 123/617

К. Петров

М. Ерман

### 2022 ЖЫЛҒЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІН БЕЛГІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТСАЙЛАУКОМ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының кезекті сайлауы бойынша 2022 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының (бұдан әрі - Ортсайлауком) отырысы өтті, онда мынадай мәселелер қаралды:

1. «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну қорытындылары туралы»;

2. «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын шығыстарының мөлшерін белгілеу туралы».

Бірінші мәселе бойынша облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық сайлау комиссиялары өңірлер бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну қорытындылары туралы баяндады.

Ортсайлауком төрағасының м.а. Константин Петров 2022 жылғы 29 қарашадан 14 желтоқсанға дейін Республика бойынша жоғарғы палатаның 20 орнына 130 кандидат Парламент Сенатының депутаттығына ұсынылғанын атап өтті. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2020 жылы Сенатқа кезекті сайлауға 94 кандидат, 2017 жылы – 89 кандидат, 2014 жылы – 88, 2011 жылы – 96 кандидат ұсынылған болатын. Осылайша, кандидаттардың бәсекелестік үрдісі сақталуда. Орташа есеппен бір мандатқа 6 адамнан аса үміткерден келеді.

Өңірлер арасында ең көп кандидат Абай, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында – 8, Алматы мен Астана қалаларында – 10 адамнан ұсынылды. Ең азы – 5 үміткерден Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және 6 - Шымкент қаласында ұсынылды. Кандидаттар арасында 97,7 пайыз (127) өзін-өзі ұсынушылар, ал 2,3 пайызын (3) мәслихаттар ұсынған.

Кандидаттардың орташа жасы 50,5 жасты құрайды. Ең жас үміткер – 30 жаста, үміткерлер арасындағы ең ересегі – 74 жаста.

Ұсынылған үміткерлердің ішінде 33 әйел. Әйел үміткерлер саны өткен сайлауда, яғни 2020 жылы – 19, 2017 жылы – 13, 2014 – 5 үміткер болған.

Мамандықтары бойынша атап өтер болсақ: 22 – инженер, 21 – экономист, 21 – педагог, 18 – заңгер, 15 – аграрлық сала қызметкерлері, 5 – дәрігер, 2 – журналист, 3 – саясаттанушы және 23 басқа мамандық иелері.

Кандидаттар арасында 36 коммерциялық құрылымдардың қызметкері; 27 мемлекеттік ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкері; 48 мемлекеттік қызметші, 9 қоғамдық ұйымдардың өкілдері, 2 зейнеткер және 3 жұмыссыз үміткер бар.

Қазіргі уақытта Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу процесі жүріп жатыр, ол а.ж. 24 желтоқсанына дейін жалғасады. Бүгінгі күні сайлау комиссиялары 49 кандидат тіркеді.

Сөз соңында Константин Петров Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу қорытындылары Орталық сайлау комиссиясының жеке отырысында қаралатынын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Ортсайлауком мүшесі Сәбила Мұстафина баяндама жасады. С.Мұстафина өз баяндамасында мемлекет кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарында өз бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін тең қаражат бөлінуіне кепілдік беретінін атап өтті:

- теледидарда (тікелей эфирде немесе жазбада) - он бес минут;

- радиода - он минут;

- мерзімді баспа басылымдарында немесе желілік басылымдарда 0,1 баспа табақтан аспайтын екі мақала жариялау.

Кандидаттар өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін мемлекет бөлген қаражат шеңберінде баспа және/немесе желілік басылымдардағы, теле - радиоарналардағы жарияланымдар көлемін өздері бөледі.

Сондай-ақ республикалық бюджет қаражатынан кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге, үгіт материалдарын шығаруға арналған шығыстары мен көлік шығыстары Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мөлшерде өтеледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде ОСК өз қаулысымен ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттың республикалық бюджет қаражатынан жабылатын шығыстарын 550 000 теңге көлемінде белгіледі:

1) теледидардан, радиодан бағдарламамен сөз сөйлеу және мерзімді баспа басылымдарында 2 мақала жариялау үшін - 400 000 теңге;

2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізу және үгіт материалдарын шығару үшін - 70 000 теңге;

3) көлік шығыстары үшін - 80 000 теңге.

Сондай-ақ, С.Мұстафина «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 34, 75-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына әрбір кандидат сайлау қорын құруға құқылы екенін атап өтті.

Отырыстан кейін брифинг өтті, онда Ортсайлауком мүшелері БАҚ-тың сұрақтарына жауап берді.

Ортсайлауком Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 2-тармағына сәйкес сайланатын Сенат депутаттарының жартысы үш жыл сайын қайта сайланатынын атап өтті.

### ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ



Тәуелсіз еліміздің тарихын танимын деген кез келген адам желтоқсан оқиғасынан хабардар. Еліміз егемендікке қол жеткізбей тұрып болған бұл оқиға бодандықтан шығу үшін жасалған тұңғыш қадам десе де болады. Бірақ оның қалай аяқталғанын білеміз. Сол себептен, бұл күн ұлтымыз үшін қастерлі де қасіретті күн болып қала бермек. 16 желтоқсан биылғы жылы мемлекеттік мерекелер тізімінен алынғанымен, әр аймақта түрлі шаралар ұйымдастырылып, еске алынып жатыр.



Ерейментау ауданында да бұл атаулы күн ескерусіз қалған жоқ. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында аудан әкімі Абай Әлжанов, аудандық ардагерлер кеңесі және қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Төлеген Абдин, аудандық мәслихаттың хатшысы Медеу Әбжіков, Ерейментау қаласының әкімі Сапар Барлыбаев, «Қанжығалы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайыркен Жақып және тағы басқа адамдар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс құрбандарына арнап қала сыртында қойылған ескерткіш-тасқа барып, гүл шоқтарын қойып, ел бостандығы үшін құрбан болған адамдардың рухына тағзым етті.

Осы жерде сөйлеген аудан әкімі Абай Әлжанов, басқа да адамдар 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының мәні мен маңызына тоқталып, Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, туы жоғары болсын деген тілек айтты.

Өз тілшіміз

КЕЛІСІЛДІ  
 Ерейментау аудандық мәслихат хатшысы  
 М.Е.Әбжіков  
 «\_\_\_» желтоқсан 2022 жыл

БЕКІТІЛДІ  
 Ерейментау ауданының әкімі  
 А.Е. Өлжанов  
 «\_\_\_» желтоқсан 2022 жыл

**2023 жылдың бірінші тоқсанында  
 Ерейментау ауданының ауыл, ауылдық округтер, Ерейментау қаласы әкімдерінің  
 тұрғындармен тұрақты кездесулер кестесі**

	10 қантар сейсенбі	11 қантар сәрсенбі	12 қантар бейсенбі	13 қантар жұма	16 қантар дүйсенбі	17 қантар сейсенбі	18 қантар сәрсенбі	19 қантар бейсенбі	20 қантар жұма	23 қантар дүйсенбі	24 қантар сейсенбі	25 қантар сәрсенбі
Торғай ауылдық округі	Қарағайлы ауылы медпункт с.11.00	Жана-Жол ауылы, ауыл клубы с.11.00					Торғай а/о ауыл клубы с.15.00					
	Балықты ауылы Бұйратау МҰТП РММ ғимараты с. 14.00	Төменгі Торғай ауылы «Аубакиров» ШҚ ғимараты с.15.00										
Қойтас ауылдық округі	Койтас ауылы "Мал Аман" ШЖҚ КМК ғимараты с. 11.00									Қойтас а/о Ажы ауылы ауыл клубы с.11.00		
Бестоғай ауылдық округі	Қызылту ауылы Қызылту» ЖШС ғимараты с.11.00	Байсары ауылы ауыл клубы с.11.00							Бестоғай ауылдық округі ауыл клубы с.11.00			
Ерейментау қаласы	Ерейментау қ.№3 орта мектебі акт залы с.15.00	Ерейментау қ. №1 негізгі мектебі акт залы с.15.00.	Ерейментау қ.№1 орта мектебі акт залы с.15.00	Ерейментау қ.Т.Шаханова атындағы №2 орта мектебі акт залы с.15.00	Ерейментау қ.Бөгенбай батыр атындағы мектеп- лицейі акт залы с.15.00	Ерейментау қ.Н.Смағұлов атындағы мектеп- лицейі акт залы с.15.00						Ерейментау қ.аудандық Мәдениет үйі с.11.00
Еркіншілік ауылдық округі		Еңбек ауылы негізгі мектеп акт залы 15:00					Еркіншілік а/о «Еркіншілік ауылдық округі әкімі аппараты» ММ –сі с.11.00					
Күншалған ауылдық округі		Каратал ауылы Медпункт с.11.00			Күншалған а/о,ауыл клубы с.11.00							
		Шакей ауылы бастауыш мектебі с.15.00										
Олжабай батыр атындағы ауылдық округі	Алғабас ауылы Бұйратау МҰТП РММ ғимараты с.15.00	Ынтымақ ауылы Медпункт с.11.00			Олжабай батыр а/о Олжабай батыр атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты с.15.00							
Ақмырза ауылдық округі		Жолбасшы а. «Раяна» шағын орталығы с.11.00									Ақмырза ауылдық округі орта мектеп с.15.00	
Өлеңті ауылдық округі	Өлеңті ст. РЭП ғимараты с.09.00											
	Қоржынкөл РЭП ғимараты с.11.00							Өлеңті ауылдық округі ауыл клубы с.15.00				
Тайбай ауылдық округі		Малтабар ауылы ауыл клубы с.11.00										
		Ельтай а. Жарық а. негізгі мектеп акт залы с.15.00								Тайбай а/о "Тайбай ауылдық округінің аппараты" ММ-сі с.11.00		
Сілеті ауылы									Сілеті ауылы "Сілеті ауылы әкімінің аппа- раты" ММ-сі с.15.00			



(басы 2 бетте)

	10 қантар сейсенбі	11 қантар сәрсенбі	12 қантар бейсенбі	13 қантар жұма	16 қантар дүйсенбі	17 қантар сейсенбі	18 қантар сәрсенбі	19 қантар бейсенбі	20 қантар жұма	23 қантар дүйсенбі	24 қантар сейсенбі	25 қантар сәрсенбі
Бозтал ауылы								Бозтал ауылы "Бозтал ауылы әкімінің аппараты" ММ-сі с.11.00				
Новомар- ковка ауылы											Новомар- ковка ауылы «Новомар- ковка ауылы әкімінің аппараты» с.11.00.	
Ақсуат ауылы						с.Ақсуат ауыл клубы с.15.00						

Ерейментау ауданы әкімі аппаратының басшысы

Е. Құттыбаев

## АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Ақмола облысында 2023 жылға арналған басты міндеттер белгіленді

Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев 12 желтоқсандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша кеңес өткізді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі әкімдіктің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ведомствоның мәліметінше, кеңесте инфрақұрылым саласына ерекше назар аударылды.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың негізгі міндеті - халықпен тікелей жұмыс жасау. Жылыту маусымының басында бірқатар қиындықтар болды. Бурабай, Атбасар аудандарында температуралық режимнің бұзылуы тіркелді. Степногор қаласында жылу көздері мен жылу желілерінің 50 пайыздан астамы тозған. Барлық қабылданған шараларға қарамастан, назар аударатын мәселелер бар», - деді Ермек Маржықпаев.

Кеңесте айтылғандай, аймақ басшысының тапсырмасы бойынша облыстың барлық елді мекендері қамтылған, сондай-ақ, тұрғындардың өзекті мәселелерін шешу үшін қажетті тіршілікті қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық

саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Жол картасы жасалды. Онда әр аудан бойынша барлық тәуекелдер көрсетілген.

Агроөнеркәсіптік кешенде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту және жалпы саланы әртарапандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Сондай-ақ, нақты орындау мерзімдері бар тұрғын үй, білім беру, денсаулық сақтау объектілері бойынша құрылыс индикаторларын әзірлеу қажет.

Әлеуметтік саланың басым мәселелері де белгіленді.

«Алдағы бірнеше жылда оқушы орындарының тапшылығы мен мектептерде үш ауысымды оқыту мәселесін толығымен шешу, ауыл тұрғындарын медициналық көмекпен қамтуды барынша арттыру, сол арқылы әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу көрсеткіштерін жақсарту және дәрігер кадрлардың тапшылығын азайту, әрбір елді мекенде спорт және мәдени нысандардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет», - деп атап өтті облыс әкімі.

Осы ретте, аймақ басшысы жетекшілік ететін бағыттар бойынша сайлауалды бағдарламаның тармақтарын мұқият талдауды тапсырды.

### Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру қажет

Ақмола облысында бірнеше жылдан бері «КАИК» («Қазақстандық Агро Инновациялық Корпорация») жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта осы компанияда жаңа өндірістік блоктар іске қосылмақ. Осының арқасында 400 адам жұмыспен қамтылмақшы. Бұл туралы кәсіпорынның жұмысымен танысу барысында облыс әкімі Ермек Маржықпаев айтты. Сондай-ақ, өңір басшысы елді мекендердегі инфрақұрылым мәселесін шешу жолдарына тоқталды.

«Қазақстандық агро инновациялық корпорация» ресейлік және белорустік тауар өндірушілермен бірлесіп, ауыл шаруашылығы техникаларын құрастырумен айналысады. Компания осымен 12 жыл қатарынан отандық нарықта жұмыс істеп келеді. Кәсіпорында биылдың өзінде 23,5 миллиард теңгеге техника құрастырылған.

«Біздерге тапсырыс келеді. Сосын біз ауыл шаруашылығы техникасын өзіміз жеткізіп береміз. Фермердің компанияға келуі міндеттелмейді. Қызметкерлер өздері барып, мәселені бір тәуліктің ішінде шешеді», - дейді «КАИК» серіктестігінің Бас директоры Олег Балыбин..

Серіктестікте келер жылы тағы екі өндірістік блок іске қосылады деген болжам бар. Бүгінде кәсіпорында ауыл шаруашылығы техникасының 48 түрі құрастырылады. Өңір басшысы Ермек Маржықпаев компанияның 12 жыл ішінде біраз жетістіктерге жеткенін атап өтті.

Облыс басшысы аталмыш компанияның жыл санап дамып келе жатқанына айтып өтті.

Сондай-ақ, өңір басшысы Ермек Маржықпаев Застанционный кентінің тұрғындарымен кездесті. Елді мекенде әлеуметтік мәселелер аз емес. Соның бірі - Өндіріс көшесін жарықтандыру. Бұл мәселе біртіндеп шешілуде. Бүгінде 50 миллион теңге игеріліп, көше жарығын орнату жұмыстары аяқталды. Тұрғындар енді жол проблемасын шешу қажет, - дейді.

«Kokshe city» серіктестігі өткен жылы жұмысын бастады. Жоба құны 500 миллион теңге. Кәсіпорын жылына 60 миллион қап шығарады. Бүгінде жұмыс орны ұлғайған. Алдағы уақытта 100 адам еңбекпен қамтылмақ. Жобаның басты артықшылығы - заманауи техника. Осының арқасында серіктестік Қостанай, Қарағанды, Петропавл қалаларындағы компаниялармен бірлесе жұмыс істейді. Сондай-ақ, өндірілген тауардың 20 пайызы Ресейге экспортталады.

«Kokshe city» серіктестігінің жұмысы жөнінде Ермек Боранбайұлы: «Қазір әлемде түрлі жағдайлар орын алып жатыр. Соған сіздер қарамастан тауарларыңызды экспортқа шығарып жатырсыздар. Бұл жақсы нәтиже. Компания даму үстінде. Оған 2 миллиард теңге инвестиция да тартылған. Енді мұнда жұмыскерлерді тартып, оларды қызықтыру қажет. Бәсекелестік те бар. Сондықтан қызметкерлердің жалақысын көтеру керек», - деді..

Облыс әкімі сондай-ақ, Красный Яр елді мекенінің тұрғындарымен кездесті. Бүгінде ауылда ауыз су құбырлары ауыстырылып, жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Қазіргі уақытта Бейбітшілік көшесінде 2 мың 700 метр сумен жабдықтау желілері тартылды. Айта кетейік, биыл елді мекенде 12 шақырымнан астам жол жөндеуден өткен. Тұрғындар облыс әкімі Ермек Маржықпаевқа алғыстарын білдірді. Сондай-ақ, кездесу барысында ауылда автобустардың дұрыс жүрмейтіні жайлы да айтылды.

### Мемлекеттік бағдарламалар шарапаты

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар Егіндікөл ауданында қарқынды жүзеге асырылып жатыр. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында бөлінген 203 млн.теңге қаржы 100 процент игерілген. Егіндікөл ауданындағы мәдениет үйі толығымен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құрылыс жұмыстарына аудандық бюджеттен 32 млн теңге бөлінді. Бағдарлама аясында жылына 3 мектеп жөндеуден өтеді. Сонымен қатар, биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі де артты.

Егіндікөл ауданы өткен жылы егін жинау науқаны бойынша үздіктер қатарында болды. Биыл астық алқабы ұлғайып, ауыл шаруашылығы өнімі артты. Ауыл шаруашылығын дамытуға облыстық бюджеттен 2,3 миллиард теңге қаржы бөлінді. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында шаруалар асыл тұқымды мал басын арттырып, жаңа техника сатып алды.

«Жер Ана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Егіндікөл ауылында кептіру жабдығын орната отырып, 10 мың тонналық астық қоймасы салынды. Жобаның құны – 320 млн.теңге. 10 жұмыс орны ашылды. Келесі жылдың егістік жұмыстарына дайындық барысында 36 мың тонна сапалы астық қамбаға құйылды. 2025 жылға дейін 13 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда», - дейді Егіндікөл аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің жетекшісі Қабыкен Жақанов.

Ауданда нәтижелі жұмыспен қамту мемлекеттік бағдарламасы жүйелі жолға қойылған. Биыл қайтарымызсыз грант алған 120 адам жеке бизнесін бастап кетті. Бір қуантарлығы - аудан орталығынан гөрі, ауыл азаматтарының белсенділігі жоғары. Елді мекенде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарды жұмысқа тартуға баса назар аударылған.

Бұл жөнінде Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі Самал Сүлейменова: «Ауылымызға 8 жас маман келді. Көкшетау қаласынан, Павлодар, Ерейментау және Астана қалаларынан жастар жұмыс істеуге келді. Оларға барлық мүмкіндік жасалған. Жыл сайын біздің ауылға отбасылар көшіп келеді. Халық саны былтырғы жылмен салыстырғанда 10 процентке көбейді», - дейді..

Егіндікөл ауданындағы 14 көше мен 2 ауылдық округтің көшелерін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ұзындығы 400 шақырымды құрайтын құрылысқа облыстық бюджет есебінен 420 млн теңге қаражат бөлінген. Кентішілік автомобиль жолдарына ағымдағы және орташа жөндеу жүргізуге 147,5 млн. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Биыл тағы 5 ауылдың жолы жөнделмек.



## COVID – 19

## ӨТКЕН ТӘУЛІКТЕ ЕЛІМІЗДЕ 182 АДАМ КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРДЫ

Өткен тәулікте Қазақстанда 182 адам коронавирусы инфекциясын жұқтырды, деп хабарлайды ҚазАқпарат Денсаулық сақтау министрлігіне сілтеме жасап.

20 желтоқсандағы мәлімет бойынша, 2 162 адам коронавирус инфекциясынан (-2 061+ және 101 КВИ-) емделіп жатыр, олардың ішінде 339 пациент стационарда, 1 823 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

«КВИ-ге шалдыққандардың арасында 17 адамның жағдайы ауыр, 4 пациенттің жағдайы өте ауыр, 2 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр», - деп жазды ведомстводан.



## ЕҢ АРЗАН ПТР ТЕСТ - ҚАЗАҚСТАНДА

Қазақстанда коронавирусты анықтайтын ПТР-тестті (полимеразды тізбекті реакция) жүргізетін 184 зертхана болса, оның 87-сі – жекеменшік, 97-сі – мемлекеттік.

Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаевтың айтуынша, еліміздің мемлекеттік зертханаларында COVID-19 инфекциясына тестілеудің құны қазір – 4 931 теңге. «Коронавирус инфекциясы Қазақстанда тіркелген күннен бастап, бүгінге дейін мемлекеттік лабораторияларда ПТР-тесттің құны 11 499 теңгеден кезең-кезеңімен арзандап, қазір 4 931 теңге болды. Қазіргі таңда ең арзан ПТР-тест – біздің мемлекетте. Жалпы мемлекеттік зертханаларда ПТР-сынамасын арзандату туралы ұсыныс алдымен Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында талқыланады, сол жиында шешім шығады», дейді Е.Байтанаев.



Ресми өкіл Қазақстанда белгілі бір санаттағы азаматтар ПТР-тестін тегін тапсыра алатынын еске салды. Атап айтқанда, ЖРВИ және пневмония сырқатының белгілері байқалған азаматтардан үйде немесе емхана мен ауруханада сынама тегін алынады. Сондай-ақ коронавирус жұқтырғандармен жақын байланыста болғандар мен ауруханаларға жоспарлы емдеуге жіберілгендер де тестті тегін тапсыра алады.

Ең арзан ПТР-тест Қазақстанда болса, ең қымбат тест – Еуропада. Тұтынушылардың еуропалық орталығына сілтеме жасаған әлемдік Туроператорлар қауымдастығы ең қымбат ПТР-тест Германияда екенін, оның құны 128-150 еуро аралығын құрайтынын жазды. Олардың хабарлауынша, ПТР-тест арзан саналатын елдер – Греция мен Италия, бұл елдерде тест бағасы 20-30 еуро тұрады. Бұл дегеніңіз теңгемен шаққанда шамамен 10-15 мың теңге аралығын құрайды.

## ВИРУС ЖҰҚТЫРЫП, ТҰМАУРАТҚАН БАЛАҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ

Жыл сайын жіті респираторлық-вирустық аурулар маусымында ересектермен қатар балалар да инфекция жұқтырады. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі ақыл-кеңес берді.

ЖРВИ, КВИ, тұмау да жеңіл, орташа, ауыр дәрежеде болуы мүмкін.

Аурудың жеңіл түрімен ауруханаға барудың қажеті жоқ, онда тоғыспалы инфекцияларды жұқтыру қаупі жоғары.

«Жұмыс күндері және демалыс күндері емханада сүзгі бөлмелері жұмыс істейді, онда сіз балаңызбен бірге дәрігерге қаралуға және аурудың ауырлығын және оған қандай медициналық көмек қажет болатынын біле аласыз. Аурудың жеңіл дәрежесі болса, температура парацетамол ішкен соң бірден төмендейді, жай-күйі нашарламай, тіпті жетелсе де, мұрны ақса да, бала тамақ, су ішіп, еркін ұйықтайды, яғни аурудың белгілері оған қиындық әкелмейді» дейді ведомстводан.

Температура мен катаральды құбылыстардың фондында аурудың орташа дәрежесінде бала қызыр болып, төбеті төмендейді.

Мұндай балаларды ұдайы назарда ұстаған жөн, егер жай-күйі жақсармаса, дәрігерге қоңырау шалу керек.

Егер балада төмендегі ауру белгілерінің кем дегенде біреуі болса, жедел жәрдем шақыру керек.

Олар: тұрақты дене қызуы, тамақ, су іспеу, еңтігу, мазасыздық, тоқтаусыз жылау, зәрдің дұрыс болмауы, әлсіздік.



## БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: ПАЦИЕНТ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ

Көптеген қазақстандықтар медициналық сақтандыру саласындағы консультациялық-диагностикалық қызметтердің қолжетімсіздігіне (жабдықтың болмауы, күту ұзақтығы, жолдама бермеу, кадрлар тапшылығы), медициналық көмек көрсету сапасына, ұзақ күтуге көбірек шағымданады, деп хабарлайды ҚазАқпарат Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына сілтеме жасап.

Егер пациенттер көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанбаса, медициналық қызметкер тарапынан дерексіздікке, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтер үшін ақшалай қаражатты талап ету фактілеріне немесе басқа да проблемалық мәселелерге тап болса, пациент өз құқығын қалай қорғайды?

Егер сіз:

-көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына қанағаттанбасаңыз

-медициналық қызметкер тарапынан дерексіздікке

-тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтер үшін ақшалай қаражатты талап ету фактілеріне немесе басқа да проблемалық мәселелерге тап болсаңыз,

Пациенттерге қолдау көрсету және ішкі аудит қызметіне көмек сұраңыз. мұндай қызмет

әрбір медициналық ұйымда жұмыс істейді. Кері байланыс үшін байланыс деректерін көрсете отырып, жазбаша өтініш жазу жеткілікті. Толығырақ ақпаратты емхананың немесе аурухананың қабылдау бөлімінен білуге болады.

Аймақтың денсаулық сақтау басқармасының байланыс орталығына жүгінуге болады. Барлық медициналық ұйымдар денсаулық сақтау басқармаларына бағынатындықтан, олардың өкілдері Сіздің мәселеніңізді шешуге әсер ете алады.

Qoldau 24/7 қосымшасында өтінім қалдыруға болады. Сіздің өтінішіңіз Qoldau 24/7 арнасына түскеннен кейін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мамандары медициналық ұйыммен хабарласады және қызмет көрсету сапасын тексереді. Егер сіз қандай да бір себеппен оны алмаған болсаңыз, онда олар бас тарту себебін анықтайды. Барлық өтініштерге тізілімде тіркеу нөмірі беріледі, енгізіледі, соның арқасында өтініштің мәртебесін қадағалауға болады.

@SaqtandyryBot Telegram-ботында өтінім қалдырыңыз. ол үшін негізгі мәзірде «1406-ға хабарлама жіберу» пәрменін таңдау керек. Өтінімде мәселенің мәні, сондай-ақ аймақтың және медициналық ұйымның атауы болуы керек.


Қордың тәулік бойы жұмыс істейтін 1406 бірыңғай байланыс орталығына жүгінуге қажет. Қазақстанның барлық аумағында ұялы және қалалық телефондардан қоңырау шалу тегін.

«Сұрақ қою / шағымдану» бөлімінде өтініш қалдыруға болады.

## ЕЛІМІЗДЕ ОБЫР ДЕРТІНЕ ҚАРСЫ АЛҒАШҚЫ РАДИОФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПРЕПАРАТ ӨНДІРІЛДІ

Президент Іс Басқармасына қарасты Ядролық медицина орталығында онкологияны емдеуге және оны ерте анықтауға арналған препарат өндірілді. Бұл туралы ҚР Президенті Іс Басқармасының медицина орталығының басшысы Алексей Цой желідегі парақшасында жазды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Еліміздің Тәуелсіздік алған күні өздеріңізбен Президент Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының 4 жыл бойы жасаған еңбектің нәтижесімен бөліскелі отырмын. Қазір ғана ПІБ Медициналық орталығы ауруханасы базасында жуырда ғана ашылған Ядролық медицина орталығының циклотронды-өндірістік кешені базасында онкологиялық пациенттерге ПЭТ/КТ зерттеу жүргізу үшін 18-фтородезоксиглюкоза (18F-FDG) алғашқы радиофармацевтикалық препарат өндірілді. 2026 жылға дейін өндіріске 9 радиофармапрепаратты енгізу жоспарланған болатын, оның 8-і Қазақстанда алғаш рет өндірілетін болады. 2023 жылы келесі жаңа 3 РФДП өндіріске енгізіледі: 18F-NaF, 11C-MET, 18F-DOPA. Бұл онкологиялық пациенттер үшін диагностикалық зерттеулер спектрін кеңейтуге және шет елдерге бармай-ақ біздің елімізде осы препараттармен ПЭТ/КТ зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді», - деп жазды Алексей Цой.





# Тәуелсіздік туын алғаш көтергендер...

ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ



Егеменді еліміздің тарихындағы ұмытылмас кезеңдердің бірі – 1986 жылы Алматы қаласында болып өткен Желтоқсан оқиғасы. Тоталитарлық жүйеге қарсы бас көтеріп шыққан қазақ жастары бұл күні қаланың орталық алаңында қан-жоса болып аяусыз жаншылып еді.

Себебі, осы көтерілістің құрбандары болған - Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжановалар ұлт батырлары ретінде әлі де халықтың есінде. Бұлардан басқа ұзақ мерзімге сотталып, қудалауға түскен талай адамдарды білеміз.

Иә, 16 желтоқсан оқиғасы қазақ деген халық жер бетінде аман тұрғанда, ешқашан ұмытылмақ емес. Сол күні Қазақстанның әр аймағында желтоқсан құрбандары еске алынып, ескерткіштерге гүл шоқтары қойылып, Тәуелсіздік жолында құрбан болған ұл-қыздардың рухтарына арнап дұға оқылады. Мектептерде, жоғары оқу орындарында, тіпті балабақшаларда түрлі шаралар ұйымдастырылып жатады. Осының барлығы желтоқсан оқиғасының қазақ халқы үшін қастерлі күн екенінің белгісі.

Осы атаулы күннің қарсаңында Ерейментаудағы Тілдерді оқыту орталығы аудандық қоғамдық даму орталығымен бірлесе отырып «Елімнің бақытын

тербеткен –Тәуелсіздік» атты тарихи-танымдық сабақ өткізді. Аталмыш шараға мектеп оқушылары, желтоқсан оқиғасына қатысушылар, мұғалімдер, тағы да басқа адамдар қатысты.

Орталықтың оқытушысы Анар Хасенова мектеп оқушыларын желтоқсан оқиғасына қатысушы жерлестерімізбен таныстырып, сабақ барысында 1986 жылғы желтоқсанда орталықтың әміршіл-әкімшіл солақай саясатына қарсы алғаш рет бас көтеріп, демократия жолында құрбан болған ұл-қыздарымыздың ерліктері жайлы әңгімелеп, жастардың алаңға не себеппен, қандай мақсатпен шыққаны жайлы түсіндірді. Отырыс барысында қатысушылар осы қаралы оқиға жайлы өз пікірлерін ортаға салып, жан-жақты әңгіме өрбіді.

Шара барысында желтоқсанның анықталмаған ақиқаты, әлі де ақталмаған желтоқсаншылар жайлы бейнебаян көрсетіліп, қыршын кеткен боздақтардың рухын еске алынып, бір сәт үнсіздік жарияланды.

Бұл секілді іс-шара жас буын өкілдерінің отансүйгіштік сезімін оятып, жалпы қоғам тірлігіне саналы көзбен қарауына әсер етері белгілі.

Өз тілшіміз

## ЖЕЛТОҚСАН

Жан-ордамның ашып тастап түндігін,  
Желпінетін, серпілетін күн бүгін.  
Желтоқсаным – жасымаған жігерім,  
Желтоқсаным – шырылдаған шындығым!

Шырылдаған шындық іздеп қызың мен  
ұлдарыңды өшірмегін тізімнен.  
Желтоқсаным – менің Қазақ-төзімім,  
Талай ғасыр шыдап келіп...  
үзілген!

Елең етпей ет кессе де санымнан,  
Сандалумен соқпағымнан жаңылғам.  
Желтоқсаным – менің Қазақ-ашуым,  
Жүріп-жүріп, ақыры кеп жарылған!

Ұрандайтын ұлың кетсе ұлтыңнан,  
«Ұлы жолда» ұлтанымыз жыртылған.  
Желтоқсаным – менің Қазақ-жүрегім,  
Тоқтап барып... сосын қайта  
бұлқынған!

Алтын нөқта арманымды басқа ұрған,  
«Анаулардың» менмендігі асқынған.  
Желтоқсаным – менің Қазақ-жанарым,  
Шарасыздан шеңберінде жас тұнған!

Тұщы етіме ащы таяқ тигенмен,  
Өлуге де, көнуге де үйренгем.  
Желтоқсаным – менің Қазақ-аруым,  
Бейуақта бұрымынан сүйрелген!

Қара шашы қара қанға малшынған,  
Көз жаздық біз, қаншама қыз, қанша  
ұлдан...  
Желтоқсаным – менің Қазақ  
қандасым,  
Керзі етіктің табанына жаншылған!

Атой салып кеудесінде бүлік-ән,  
Бүліне алмай дымы сосын құрыған.  
Желтоқсаным – менің Бөрі бауырым,  
Айдалада Айға қарап ұлыған!

Күнің күлсе арай шашқан асқардан,  
Керек емес басқа тірлік, басқа  
арман.  
Желтоқсаным – менің Тәуелсіздігім,

С. БАЙБОСЫН

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақмола облысы Білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Ерейментау қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» МКҚК. Ерейментау қаласы, Бөгенбай көшесі, 93 мекен-жайы бойынша орналасқан «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы «Ерейментау қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» МКҚК ғимаратын күрделі жөндеу және аумақты абаттандыру» жобасына ҚОҚ бөлімін жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>.

Жария талқылаулар 30.12.2022 ж. бастап 09.01.2023 ж. дейін бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы – «Ақмола облысы Білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Ерейментау қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» МКҚК, БСН: 990340004820, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Бөгенбай, 93 тел.: 87016495797.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші "Павлодар жобалық и.ц." ЖШС, БСН: 070140002507, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Малайсары батыр к-сі, 13, каб.609 тел./ факс 8 (7182) 62-00-07, [mail@ppicenter.kz](mailto:mail@ppicenter.kz).

Жария тыңдауды өткізу кезінде көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады. [galya.w@mail.ru](mailto:galya.w@mail.ru) және 8-776-126-24-93).



ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

# Ерлік ескірмейді

Тұсында автономия болған жағдай,  
Целиноград көтерілді түгі қалмай.  
Алланың Ерейменге берген сыйы,  
Қайтеді жата берсе көзін салмай.

Білсе де алынбастай алда құз бар,  
Естісең оқиғаны жаның сыздар.  
Үнпарақ таратқандар жері үшін,  
Ерлігің естен кетпес батыр қыздар.

Оқиға жалған емес, болған анық,  
Жеткізген жұрт арманын топқа барып.  
Тілегі орындалмай қалыс кетсе,  
Өртемек сол арада өзін жарып.

Тұрсада өміріне қауіп төніп,  
Арман жоқ, елі үшін кетсе өліп.  
Қолында жанғыш қоспа сөйлеп тұрып,  
Қуанды қолдап тұрған жұртты көріп.

Қаймықты мұны көріп Компартия,  
Жиналған кәрі-жасы жанын қия.  
Қыр мен ой ауыл, аймақ көтерілді,  
Келгендей қаршадай қыз бәрін жия.

Сен жеңдің! Халқың қолдап, елің аман,  
Шешімді бұздыруға жетті шамаң.  
Бөтен із түсіртпедің туған жерге,  
Мекендеп қоныс қылған ата-бабаң.

Дедің-ау, елім үшін жаным құрбан,  
Намыс бар кеудеңізде аласұрған.  
Ерлік ешқашан да ескірмейді,  
Ел-жұрт бар мақтан тұтып қолдап тұрған.

Ұмытылсын өткен күннің болмас жайы,  
Ешқашан елін сүйген қажымайды.  
Ереймен алғыс айтып тауы-тасы,  
Әуезді әнге қосқан жыра-сайы.

Жасапсың Ерейменге үлгілі іс,  
Қуанды, қауым-халық, туған-туыс.  
Ерліктер ешқашанда ескірмейді,  
Сіз үшін атқарылар талай жұмыс.  
Туған жер - алтын бесік аялаған,  
Тамаша отбасында тәлім алған.  
Аңсаған азаттықты батыр қызсың,  
Ерлігің өшпестей боп есте қалған.

Үңілсек ақиқаттың тереңіне,  
Жарар деп әлде кімнің керегіне.  
Ерлігін Алтыншаштың баян еттім,  
Жететін батыл екен дегеніне.

Әдебиет БАЙДОЛДАҰЛЫ,  
Новомарковка ауылы



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жіберілген дәлсіздікке байланысты бұрын берілген хабарландыру осы редакцияда оқылады:  
«Big Farm» ЖШС «Ерейментау ауданы Өлеңті ауылының солтүстік-шығыс бөлігінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу және келісу» жобасы бойынша қоғамдық талқылау өткізеді.  
Қоғамдық талқылаулар 2022 жылғы 30 желтоқсанда жергілікті уақыт бойынша сағат 12:00-де, Өлеңті ауылында Мәншүк Мәметова көшесі, 2 мекенжайы бойынша, ауылдық клуб ғимаратында өтеді.



### КӨҢІЛ АЙТУ

Аудандық ардагерлер кеңесі ауданымыздың Құрметті азаматы, еңбек ардагері Сыздықов Серік Сыздықұлының қайтыс болуына байланысты туыс-туғандарына, ұрпақтарына қайғырып көңіл айтады.  
Серік Сыздықұлының балалық шағы соғыстан соңғы ауыр жылдарға тап болып, өмірдің ащы-тұщысын көріп өскен. Әкесі Сыздық Қызырұлы мен анасы Рахима Жақыпқызы «Алғабас» колхозында еңбек етіп, бес ұл тәрбиелеп өсірген іргелі отбасы болған. Жас Серік ата-анасына көмекші бола жүріп, кешкі мектепте оқып, одан соң Ақмолада темір жол училищесін бітіреді. Кейін Павлодар мен Семейдің институттарында сырттай оқыған. Алматыдағы Жоғары партия мектебін бітірген.  
Бұл кісінің саналы ғұмыры аудандық партия комитетімен тығыз байланысты. Серік Сыздықұлы осы жерде үгіт-насихат бөлімін басқарып, партиялық бақылау комитетінің төрағасы болған. Одан соң аудандық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподағы төрағалығына сайланып, абыройлы еңбек еткен. Тоқсаныншы жылдардағы ауыспалы кезеңде жаңа құрылған аудандық салық комитетін басқарып, оның жұмысын жолға қойған. Одан соң 13 жыл қатарынан аудандық мұрағатты басқарды. Көп жылғы абыройлы қызметіне орай, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.  
Серік Сыздықұлы бір кісі қызығарлық мәнді де мағыналы ғұмыр кешкен. Ол кісінің аяулы бейнесі мәңгілік есімізде сақталады.

Аудандық ардагерлер кеңесі

## ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

**Ерейментау-Ақпарат**  
қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Куәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4.  
Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020»  
Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады.  
Таралымы – 1000 дана.  
Индекс: 66015  
Басылу шарттары лист 4 п.л.  
Тапсырыс № 1657

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН  
Тел: 8771 275 1930  
Электронды почта: ereymen.akparat@mail.ru